# Кітапхана



## Ибраева Рабия Асилхановна

1. Кітапхана меңгерушісі - мектеп кітапханасының жұмысын ұйымдастырады және оның орындалуын қамтамасыз етеді.
2. Кітап қорының компілектілеу есебіне сақталуына жауап береді, оқырмандармен жұмыс жүргізеді, кітаптарды насихаттау жұмысын қамтамасыз етеді.
3. Кітапхана жұмысында әр түрлі әдістерді пайланады (диспут, оқырмандар конференциясы, оқырмандар бенефисі, ауызша журналдар, көрмелер, әңгімелер т.б) картотекалар ұйымдастырады.
   Жалпы кітап қоры - 15649
   Оқулықтар-13881
   Әдеби кітап-1316
4. Оқырмандармен жұмысты жедел және сапалы жүргізу, кітап таңдауда оқырмандардың жүйелі түрде қызығушылығын зерттей, оған әдебиетін табуға көмектеседі.Ол қордағы кітаптардың ретіне, сақталуына жауап береді.кітаптарды насихаттауға бағытталған жұмыстарды.
5. Кітапхана есебін жүргізеді.
6. Кітап қорындағы оқулықтарға, кітаптарға жауапты.

« №11 М.Окороков атындағы жалпы білім беретін мектеп»

# *«Оқуға құштар мектеп» жобасы оқушылардың кітап құмарлығын арттыруға бағытталған*





*Беделді халықаралық зерттеу қорытындылары біздің оқушылардың оқу сауаттылығы бойынша дағдылары жеткілікті деңгейде дамымағанын көрсетіп отыр.Сондықтан оқу мәдениетіне баулу, оқу сауттылығын дамыту еліміздегі орта білім беру ісінің басым бағытына айналуға тиіс. Баланың оқуға деген қызығушылығы, қоршаған ортаны кітап арқылы тануы мектеп қабырғасында қалыптасуы керек.Ал кітапхана оқушының сол ынтасын оятып, оны қызықты кітап әлеміне жетелеуі қажет.*

***Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық***

***Қоғамдағы сенім кеңесінің төртінші отырысында сөйлеген сөздерінен***

## *«Оқуға құштар мектеп» жобасы*

### *Жобаның мақсаты:*

***Оқушылардың оқу мәдениетін деңгейін және олардың оқу белсенділігінің өсуін арттыру; жас ұрпақ бойында азаматтық, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру: оқушылар, педогогтар және ата-аналар арасында оқуды танымал ету үшін жағдай жасау.***

***Мектеп кітапханаларына қоғамның назарын аудару***



## «Оқуға құштар мектеп» жобасы

*Міндеттері:*

***-оқу құзіреттілігін арттыру және оқуға тарту мақсатында оқушылардың оқырмандық қызығушылықтарына әсер етудің белсенді формалары мен әдістерін, педогогикалық идеяларын іздеу;***

***-Мектеп оқушыларының оқырмандық белсенділігін ұйымдастыру және оқушылардың қалауын ескере отырып, отбасылық оқуды насихаттау жөніндегі іс шаралар жоспарын әзірлей;***

***-мектеп кітапханаларын ресурстық ақпараттық-кітапханалық және мәдени-ағарту орталықтары ретінде дамуға ықпал ету;***

***-ата-аналарды балалардың кітап оқуға белсенділігін қолдауға тарту, оларға отбасылық бос уақытты кітап оқу ортасына айналдырып, рухани қарым-қатынас жасауға көмек көрсету;***

***-Отбасылық кітап оқу дәстүрлерін жандандыру***


Кел, балалар, оқылық!
Тарихи тұлғалар
KitapХАН@

# «Оқуға құштар мектеп» Жобасы аясында электронды оқулықтар мен көркем әдебиетті насихаттау




Электронные
учебники
OKULYK.KZ





«№ 11 М.Окороков атындағы жалпы білім беретін мектеп» жалпы кітапханасында «Оқуғақұштар мектеп» жобасы аясында 2023-2024 оқу жылында атқарылған жұмыстардың есебі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық сенім кеңесінде берген тапсырмасына сәйкес «Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асыру мақсатында мектеп әкімшілігі мен әдістемелік жетекшелерінің қатысуымен отырыс ұйымдастырылады. «Оқуға құштар мектеп» жобасының мақсаты мен міндеттерін түсіндіріп, алдағы уақытта жоба аясында атқарылатын іс-шаралар жоспарымен таныстыру.Іс-шара барысында мұғалімдер өздері оқыған кітаптары жайында тоқталып, пікір алмасты.Мұғалімдер мен оқушылардың және ата-аналардың кітап оқу мәдениетін қалыптастырып,

оқушылардың көркем әдебиетке деген қызығушылықтарын көтеру мақсатында жүйелі жоспарларды жүзеге асыру барысы талқыланды.

**«Оқуға құштар мектеп» жобасы негізінде оқушыларды кітап оқуға насихаттау**

Мен оқыған бір кітап




окуга куштар
мектеп




# Бір отбасы –бір кітап

**Отбасымен бірге кітап оқу-балаларды кітап оқуға тартуға әсері мол. Балалардың кітап оқуға деген құштарлығы, рухани байлығының артуы отбасындағы үлкендердің көрсеткен бағыт бағдарына байланысты**

## «Бір отбасы-бір кітап»

**Мақсаты:** балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру; оқу мәдениетін қалыптастыру, кітап оқуды отбасылық дәстүрге айналдыру.



« №11 М.Окороков атындағы жалпы білім беретін мектеп»кітапханасында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасын жүзеге асыру және мектеп кітапханаларын қайта жаңғырту мен оқушыларды кітап оқуға баулу мақсатында Республикалық «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы өтті.



Жалпы, акцияның мәні: «Сіз кітапханаға кітап сыйласаңыз, жақсы ісіңіз өзіңізге қайта оралады»





Тарихи тұлғалар